

Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 914 қаулысы.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 914 қаулысымен
бекітілген

Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидалары

1. Осы Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу тәртібін айқындайды.

2. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын

кесу кезінде жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген мүлiктiк емес зиянды өтеу Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң сот шешiмдерi бойынша мiндеттемелердi орындауға арналған резервi қаражатының есебiнен кейiннен зиянды өтей отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексiнiң 937-946-баптарына сәйкес сот тәртiбiмен жүргiзiледi.

3. Терроризмге қарсы iс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттiк органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерiмен терроризм актiсiнiң жолын кесу кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтiрiлген мүлiктiк зиянды өтеу көрсетiлген тұлғаларға (бұдан әрi – мүлiк иелерi) тиесiлi мүлiктiң құнын өтеу арқылы жүргiзiледi.

4. Мүлiктiң құнын өтеу үшiн Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртiппен расталған кезде мүлiктiң жоғалуы немесе зақымдануы, терроризмге қарсы iс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттiк органдардың лауазымды адамдарының терроризм актiсiнiң жолын кесу кезіндегi құқыққа сыйымды әрекеттерiмен мүлiктiң жойылуы немесе зақымдануы арасында себептi байланыстың болуы негiздеме болып табылады.

5. Мүлiктiк зиянды мүлiк иесiне терроризмге қарсы iс-қимыл саласындағы қызметтi үйлестiру жөнiндегi уәкiлеттi мемлекеттiк орган (бұдан әрi – уәкiлеттi орган) немесе оның аумақтық органы тиiстi жылға арналған республикалық бюджетте көзделетiн қаражат есебiнен ақшалай қаражат төлеу арқылы өтейдi.

Көрсетiлген қаражат жеткiлiксiз болған жағдайда мүлiктiк зиян Қазақстан Республикасының Үкiметi резервiнiң қаражаты есебiнен өтеледi.

6. Меншiк құқығы немесе мүлiкке өзге де заттық құқық, осы мүлiктiң құрамы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетiлген тиiстi құжаттармен, сондай-ақ мүлiк иесiнiң және куәгерлердiң түсiнiктемелерiмен расталады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 16.06.2025 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

7. Мүлiктiң өтелетiн құнының мөлшерiн айқындауды мүлiк иесiнiң және бағалаушының қатысуымен уәкiлеттi орган немесе оның аумақтық органы жүзеге асырады.

Мүлiк құнын өтеу мөлшерi зақымдалған мүлiктi қалпына келтiру (жөндеу) үшiн қажеттi шығыстар және (немесе) мүлiктiң зақымдануы салдарынан оның арзандауының мөлшерi ескерiле отырып, жөндеу-қалпына келтiру жұмыстарының нарықтық құнын бағалау туралы есеп негiзiнде не терроризм актiсi нәтижесiнде жойылған мүлiктiң нарықтық құнын бағалау туралы есеп негiзiнде жойылған немесе зақымдалған мүлiктiң ескiруiн ескергенде мүлiк құнын өтеу кезінде жергiлiктi жерде қолданылатын нарықтық баға бойынша белгiленедi.

Зақымдалған мүлікті қалпына келтіруге (жөндеуге) арналған шығыстар оны қалпына келтіру шығындарының сметасы немесе калькуляциясы бойынша расталады.

Мүлік иесінің мүлікті бағалауды жүргізуге, зақымдалған мүлікті қалпына келтіруге (жөндеуге) жұмсалатын шығыстардың сметасы мен калькуляциясын жасауға байланысты көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша құжаттамамен расталған шығыстары мүліктің өтелетін құнына қосылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымды әрекеттерімен терроризм актісінің жолын кесу кезінде жоғалған немесе бүлінген мүліктің құнын өтеу үшін мүлік иесі терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар өткізілгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінішті ұсынады.

Келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы өтініште: жоғалған немесе бүлінген мүлік, бүлінген мүлікті қалпына келтіруге (жөндеуге) жұмсалған шығыстар және (немесе) оның бүлінуі салдарынан мүлікті арзандату мөлшері не жоғалған мүліктің құны көрсетіледі.

Келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы өтінішке қоса мүлік иесі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына:

1) жеке тұлғалар үшін – мүлік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ал заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесін;

2) терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) және теңіздегі жедел штабтардың басшысы (мүліктің зақымдалғанын немесе жоғалғанын көрсете отырып) берген мүліктің терроризм актісінің жолын кесу кезінде зақымдалу фактісін растайтын анықтаманы;

3) меншік құқығы немесе мүлікке өзге де заттық құқықты, оның құрамын, бүлінген мүлікті қалпына келтіруге жұмсалған шығыстарды, бүлінуінің салдарынан мүлікті арзандату мөлшерін, жоғалған мүліктің құнын (бар болған кезде) растайтын құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.06.2025 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9. Мүлік иесі уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына келтірілген мүлдік зиянды өтеу туралы өтінішпен жеке өзі жүгіне алмаған жағдайда, оның жақын туысқандары, сондай-ақ он сегіз жасқа (кәмелеттік жасқа) толмаған жағдайда заңды өкілдері сенімхат негізінде жүгіне алады.

10. Келтірілген мүлдік зиянды өтеу туралы өтінішті уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға түскен күнінен бастап бір ай ішінде қарайды.

Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакеті ұсынылмаса, өтінішті қарау тоқтатыла тұрады, ал уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы өтініш берушіге жетіспейтін құжаттарды хабарламаны алған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей ұсыну қажеттігі туралы жазбаша хабар береді.

Егер өтініш беруші жетіспейтін құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда мүлдік зиянды өтеу туралы өтініш қаралмай иесіне қайтарылады. Өтінішті қараудан бас тарту өтініш берушіні қайтадан өтініш беру мүмкіндігінен айырмайды.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.06.2025 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Өтінішті тіркеу мүлдіктің меншік иесіне өтінішті қабылдау туралы растау қағазын бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген мүлдік зиянды және төленген төлемдерді өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында жүзеге асырылады.

12. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы өтініш тіркелген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мүлдікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының нарықтық құнын айқындау немесе мүлдік қалпына келтірілмейтін болса, оның нарықтық құнын айқындау үшін мүлдік иесі Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес таңдаған бағалаушыны тарту арқылы залалдың мөлшерін айқындау рәсімін ұйымдастырады.

Бұл ретте мүлдікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды ұйымдастыруға байланысты шығыстар уәкілетті органға немесе оның аумақтық органына жүктеледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Мүлдікті жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын немесе оның құнын бағалауды ұйымдастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) мүлдік иесінің бағалаушылар палаталарының интернет-ресурстарында орналастырылған бағалаушылар палаталары мүшелерінің тізілімдеріне сәйкес бағалаушыны таңдауы;

2) мүлдік иесімен келісу бойынша бағалау жүргізілетін уақыт пен жерді айқындау;

- 3) зақым келген мүлікке бағалау жүргізу;
- 4) мүлік иесін бағалау туралы есеппен таныстыру.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Мүлікке келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізу кезінде залал келтірілген күнге дейін орын алған мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, оны қалпына келтіру құны залал келтірілген күнгі қолданыстағы нарықтық бағалардың негізінде есептеледі.

15. Мүлікті жою кезінде келтірілген зиянның мөлшері залал келтірілген күнгі нарықтық құны негізге алынып белгіленеді.

Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық тұрғыдан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізделмесе, ол жойылған болып саналады. Егер мүлікті қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар мүлікке залал келтірілген күнгі нарықтық баға құнының сексен пайызынан асып кетсе, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізсіз болып саналады.

16. Егер уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы осы Қағидалардың 12-тармағында белгіленген мерзімде бағалаушыда бағалауды ұйымдастырмаса, онда мүлік иесі бағалаушыны өзі таңдап, оның көрсететін қызметтерін пайдалана алады.

Мүлік иесінің бағалаушы көрсететін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі құжаттамамен расталған шығыстары өтелетін залал сомасына қосылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.06.2025 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

17. Мүлік құнын өтеуден бас тартқан жағдайда уәкілетті орган немесе оның аумақтық органы өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

18. Бағалаушы бағалау туралы есепті жасағаннан кейін уәкілетті орган өтініш пен тиісті құжаттар негізінде ақшалай қаражатты банктік үш күн ішінде мүлік иесінің өтінішінде көрсетілген ағымдағы немесе жинақ шотына аударады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Залал өтелгеннен кейін келтірілген мүліктік зиянды және төленген төлемдерді өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында залалдың өтелген күнін, мөлшері мен төлем құжаттарының нөмірін көрсете отырып, тиісті жазба жазылады.

20. Жоғалған немесе зақымдалған мүлік иесі мен уәкілетті орган арасындағы оның құнын өтеуге қатысты дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

21. Төлемдерді заңсыз алуға бағытталған іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Терроризмге қарсы іс-қимылды
жүзеге асыратын мемлекеттік
органдардың лауазымды
адамдарының құқыққа сыйымды
әрекеттерімен терроризм актісінің
жолын кесу кезінде жеке және
заңды тұлғаларға келтірілген
зиянды өтеу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өтініш нысаны

_____ бастығы

(терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның немесе оның аумақтық органының атауы)

_____ (лауазымды тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса)

_____ тұратын немесе орналасқан
(өтініш берушінің Т.А.Ә. деректемелері (бар болса)

Келтірілген мүліктік зиянды өтеу туралы өтініш

Сізден терроризмге қарсы операцияларды өткізу аймағында

_____ (болған уақыты, жері, оның сипаты)
байланысты _____

_____ (зақымдалған мүлікті қалпына келтіруге (жөндеуге) жұмсалатын шығыстар және (немесе) мүліктің зақымдалуы

салдарынан оны арзандату мөлшері не жоғалған мүліктің құны) қоса есептей отырып, келтірілген

материалдық залалды өтеуді сұраймын.

Материалдық залалды мына мекенжай бойынша өтеуді сұраймын:

(облыс, аудан, қала, тұратын, орналасқан жерінің мекенжайы)

Банктің атауы _____

Банктің БСК, ЖСК _____

_____ атына ағымдағы немесе жинақ шоты _____

(Т.А.Ә. (бар болса), деректемелері)

Алушының ЖСН _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

" " _____

(жылы, күні, айы)

Өтініш беруші _____

(қолы, Т.А.Ә. (бар болса))

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші № _____ болып тіркелді.

Өтініш

қабылданған күн _____

Өтінішті қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса), лауазымы және қолы _____

" " _____

(жылы, күні, айы)

Өтініш беруші _____

(қолы, Т.А.Ә. (бар болса))

Терроризмге қарсы іс-қимылды
жүзеге асыратын мемлекеттік
органдардың лауазымды
адамдарының құқыққа сыйымды
әрекеттерімен терроризм актісінің
жолын кесу кезінде жеке және
заңды тұлғаларға келтірілген
зиянды өтеу қағидаларына
2-қосымша

Келтірілген мүлiктiк зиянды өтеу туралы өтiнiштердi және жүргiзiлген төлемдердi тiркеу журналы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 19.10.2023 № 928 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

Р/с №	Өтiнiш берушiнiң Т.А.Ө. (бар болса) немесе деректемелерi	Түскен күнi, кiрiс №	Тұратын, орналасқан мекенжайы	Материалдық залалды өтеу себептерi (оқиға орнынның қысқаша сипаттамасы, уақыты)	Келтiрiлген материалдық залалдың мөлшерi	Төленген ақшалай қаражат бойынша төлем құжатының № және күнi (тiркеушiнiң қолы)
1	2	3	4	5	6	7